

¹Дүйсенов Б.Д.  ²Әбиденқызы А. 

^{1, 2} Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: bagdat75@inbox.ru

МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ФУРУСИЯ ӨНЕРІ: ӘСКЕРИ-АТБЕГІЛІК ДӘСТҮР ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – XIII–XV ғасырлардағы Мысыр мен Сириядағы Мәмлүк мемлекетінің әскери мәдениеті аясында қалыптасқан фурусия дәстүрінің мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі көрінісін кешенді талдау, әскери-атбегілік білімнің құрылымы мен терминологиялық жүйесін айқындау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы «Munyat al-Ghuzāt», «Kitāb fī ‘Ilm al-Nuṣṣāb», «Kitāb fī Riyādat al-Ḥayl» және «Baytarat al-Wāḍih» ескерткіштерін біртұтас фурусия кешенінің өзара сабақтас деректері ретінде қарастыруымен және арабша ғылыми ұғымдар мен түркі негізді әскери-атбегілік атаулардың қызметін салыстырмалы түрде көрсетуімен сипатталады. Ғылыми міндеттерге фурусия ұғымының мазмұнын нақтылау, негізгі деректерді жүйелеу, әскери даярлық салаларын және терминдердің семантикалық топтарын анықтау, олардың қазақтың тарихи атбегілік-әскери лексикасымен салыстыру мүмкіндігін бағалау жатады. Зерттеуде деректанулық, тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық, контекстік және текстологиялық әдістер қолданылды. Нәтижесінде фурусияның тек атқа міну машығы емес, салт атты жауынгерді даярлау, қару қолдану, садақшылық, ат күтімі мен ветеринариялық білімді біріктірген кешенді жүйе екені анықталды. «Munyat al-Ghuzāt»-тағы атқа міну, сүңгі, қылыш, қалқан, оқ ату және доп ұруға қатысты алты бөлім осы жүйенің практикалық құрылымын көрсетеді. Түркі және араб терминдерінің қатар қолданылуы Дешті Қыпшақ әскери тәжірибесі мен араб-мұсылмандық жазба білімнің тоғысуын танытады. Практикалық маңызы – ортағасырлық әскери-атбегілік терминдердің цифрлық корпусын жасауға негіз ұсынуында.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің AP26101473 «Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі түркілердің жылқыға қатысты мәдениеті» («Байтар-наме» мысалында)» гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Кілт сөздер: мәмлүк-қыпшақ тілі, фурусия, салтаттылық өнері, атбегілік, әскери өнер, садақшылық, байтара, терминология, жазба ескерткіш.

Кіріспе

Орта ғасырлардағы Мысыр мен Сирияда құрылған Мәмлүк сұлтандығы (1250–1517) әскери-саяси құрылымы жағынан ғана емес, түркі және араб-мұсылман мәдениеттерінің өзара ықпалдасуы тұрғысынан да айрықша тарихи құбылыс болды. Мәмлүк әскерінің елеулі бөлігін Дешті Қыпшақ пен оған іргелес аймақтардан әкелінген түркі текті әскери құлдар құрады. Әскери қызметке алынған жас мәмлүктер атқа міну, қару қолдану, саптық және жекпе-жек өнері бойынша жүйелі дайындықтан өтті. Сондықтан салт атты жауынгердің кәсіби біліктілігі Мәмлүк мемлекетінің әскери институтының негізгі тіректерінің біріне айналды (Ayalon, 1961: 31–62; Ayalon, 1975: 44–58).

Ортағасырлық түркі мәдениетіндегі салтаттылық өнерін тарихи-мәдени феномен ретінде кешенді қарастыру өте маңызды. Осы тұрғыдан мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері ерекше мәнге ие: олар жылқыны баптау мен емдеуді, атты жауынгердің шеберлігін, садақ, сүңгі, қылыш, қалқан қолдану тәсілдерін тек сипаттап қана қоймай, осы білімнің қыпшақ тілінде

қалай жүйеленгенін көрсетеді. Мұндай мәтіндер тіл тарихы, әскери тарих, деректану және мәдени трансфер мәселелерін бір арнада зерттеуге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – мәмлүк-қыпшақ тіліндегі әскери-атбегілік ескерткіштерді фурусия дәстүрінің жазба көрінісі ретінде қарастырып, олардың мазмұндық құрылымын және негізгі терминологиялық қабаттарын айқындау. Бұл мақсаттарға жету жолында алдымызға мынадай міндеттер қойылды: фурусия ұғымының ортағасырлық мазмұнын нақтылау; мәмлүк-қыпшақ тіліндегі негізгі әскери-атбегілік ескерткіштерді деректік тұрғыдан сипаттау; «Munyat al-Ghuzāt» пен «Kitāb fī 'Ilm al-Nuṣṣāb» материалдары негізінде әскери терминдердің қызметін көрсету; жылқы шаруашылығы мен ветеринарияға арналған «Kitāb fī Riyādat al-Ḥayl» және «Bayṭarat al-Wāḍiḥ» мәтіндерінің фурусия кешеніндегі орнын бағалау; араб және түркі терминдерінің өзара қатынасын тарихи-лексикологиялық тұрғыдан пайымдау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі деректік базасын мәмлүк-қыпшақ тілінде хатқа түскен әскери және атбегілік мазмұндағы төрт ескерткіш – «Munyat al-Ghuzāt», «Kitāb fī 'Ilm al-Nuṣṣāb», «Kitāb fī Riyādat al-Ḥayl» және «Bayṭarat al-Wāḍiḥ» құрайды. Бірінші мәтін салт атты жауынгердің кешенді даярлығын, екіншісі садақшылықты, ал соңғы екеуі жылқыны үйрету, күту және емдеу мәселелерін қамтиды. Араб тіліндегі салыстырмалы материал ретінде әл-Ақсараиге телінетін «Nihāyat al-su'l wa-l-umniyya fī ta'allum a'māl al-furūsiyya» трактаты және араб садақшылық дәстүрінің жарияланған үлгілері пайдаланылды. Негізгі мәтіндер ғылыми басылымдар мен қолжазбалық сипаттамалар бойынша салыстырылды (Öztopçu, 1989; Öztopçu, 2002; al-Aqsarā'ī, 1371).

Әдіснамалық негізді деректанулық, тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық, контекстік және текстологиялық тәсілдер құрайды. Деректанулық талдау мәтіндердің жанрын, мазмұнын және әскери мәдениет туралы мәліметтерінің сипатын анықтауға; тарихи-салыстырмалы әдіс араб фурусия дәстүрі мен қыпшақша мәтіндердің ортақ және өзгеше белгілерін көрсетуге қолданылды. Лексика-семантикалық талдау түркі негізді әскери атаулар мен арабша ғылыми терминдердің қызметін ажыратуға бағытталды. Контекстік тәсіл әр терминді нақты әрекет, құрал немесе білім саласы аясында түсіндіруге мүмкіндік берді. Қолжазба нұсқаларында графикалық және транскрипциялық айырмалар болуы ықтимал болғандықтан, қазіргі қазақша баламаларды ортағасырлық формалармен автоматты түрде теңестіруден сақтану қағидасы ұстанылды.

Талқылау

Фурусия ұғымы және Мәмлүк әскери мәдениеті туралы шетелдік зерттеулер

Араб тіліндегі furūsiyya (الفروسية) сөзі faras – «жылқы» түбірімен байланысты болғанымен, ортағасырлық қолданыста оның семантикасы жай ғана «атқа міну» мағынасынан әлдеқайда кең. Фурусия салт атты жауынгерді даярлаудың теориялық және практикалық білімдер кешенін қамтыды. Оған ат таңдау мен баптау, шабандоздық, сүңгі және қылыш қолдану, садақ ату, қалқанмен қорғану, әртүрлі әскери ойындар мен жаттығулар, сондай-ақ жылқы ауруларын тану және емдеу тәрізді салалар кірді. Әл-Сарраф мәмлүк дәуіріндегі фурусия әдебиетінің алдыңғы араб әскери және ветеринариялық дәстүрлермен сабақтастығын көрсетіп, бұл әдебиеттің жанрлық ауқымы өте кең болғанын атап өтеді (al-Sarraf, 2004: 141–200).

Мәмлүк қоғамында фурусия әскери шеберліктің ғана емес, әскери элитаның кәсіби және әлеуметтік болмысының белгісі болды. Д. Аялонның зерттеулерінде ипподромдардағы жаттығулар, найза ойыны, садақ ату және өзге де әскери-спорттық сайыстардың мәмлүк жауынгерлерін даярлаудағы қызметі көрсетілген (Ayalon, 1961: 31–62). Мұндай өнер бейбіт уақыттағы ойын-сауық емес, соғыс жағдайында қажет болатын ептілік, тепе-теңдік, жылдамдық, нысана дәлдігі және атты басқару қабілетін шыңдаған.

Фурусия жөніндегі арабша трактаттардың көрнекті үлгілерінің бірі – Мұхаммад ибн Иса ибн Исмаил әл-Ханафи әл-Ақсараиге телінетін «Nihāyat al-su'l wa-l-umniyya fī ta'allum a'māl al-furūsiyya». Оның 1371 жылы көшірілген, 292 парақтан тұратын иллюстрациялы нұсқасы Британ кітапханасында Add MS 18866 шифрымен сақтаулы (al-Aqsarā'ī, 1371). Қолжазба атқа міну, әскери өнер мен технологияны жүйелі түрде сипаттайды. Бұл еңбек араб тіліндегі фурусия білімінің мәмлүк ортасында жоғары деңгейде кодификацияланғанын көрсететін салыстырмалы база ретінде маңызды.

Фурусияның мәмлүк-қыпшақ мәтіндерінде көрінуі – білімнің бір тілден екінші тілге жай аударылуы ғана емес. Түркі тілді әскери орта арабша теориялық дәстүрді өз тәжірибесімен ұштастырып, қыпшақша әскери лексика арқылы қайта бейімдеді. Сондықтан бұл ескерткіштерді «аударма мәтін» шеңберінде ғана емес, мәдени және терминологиялық трансфердің нәтижесі ретінде бағалау қажет. Негізінен мәмлүктер арасында фурусия, яғни, атқа міну өнері Ұлы дала төсінен барған қыпшақ текті далалық батыр бабаларымыздан баруы әбден мүмкін.

Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі фурусия ескерткіштерін зерттеудің маңызы ерекше. Мәмлүк-қыпшақ жазба мұрасының ішінде жылқы, әскери өнер және садақшылыққа тікелей арналған бірнеше еңбек бар. Қазіргі зерттеулерде «Kitāb fī Riyādat al-Ḥayl», «Bayṭarat al-Wāḍiḥ», «Munyat al-Ghuzāt» және «Kitāb fī 'Ilm al-Nuṣṣāb» осы тақырыптық топтың негізгі ескерткіштері ретінде қарастырылады (Batyrbekova, Boranbaev, Khalikova, 2024: 45–60). Бұл шығармалар бір-бірін мазмұндық жағынан толықтырады: бірінде ат пен ветеринариялық білім басым болса, екіншісінде салт атты жауынгердің қару қолдану өнері, үшіншісінде садақшылық техникасы егжей-тегжейлі беріледі.

«Munyat al-Ghuzāt» («Жауынгерлердің мұраты») – мәмлүк-қыпшақ тіліндегі аса маңызды әскери трактат. К. Өзтопчу жариялаған ғылыми басылымда мәтін, аударма, сөздік-индекс және факсимиле берілген (Öztopçu, 1989). Mamluk Bibliography Online дерегінде еңбек XIV ғасырдағы мәмлүк-қыпшақ әскери трактаты ретінде сипатталып, оның Ибн Ахи Хизамның арабша фурусия-байтара дәстүрімен байланысты мәтіннен ықшамдалып аударылғаны көрсетіледі. Бұл байланыс қыпшақ мәтінінің араб әскери ғылымымен генетикалық сабақтастығын дәлелдейді.

«Kitāb fī 'Ilm al-Nuṣṣāb» – XIV ғасырдағы мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған садақшылық трактаты. К. Өзтопчу 2002 жылы шығарманың ғылыми басылымын дайындап, мәтін мен терминологиялық материалды зерттеушілер айналымына енгізді (Öztopçu, 2002). Садақ пен жебенің түрлері, ату техникасы, нысана, жауынгердің дене қалпы және құрал-жабдыққа қатысты лексика бұл ескерткішті түркі әскери терминологиясының аса құнды дерегіне айналдырады. Араб садақшылық дәстүрін салыстыру үшін кейінірек хатқа түскен «Kitāb fī bayān faḍl al-qaws wa-l-sahm wa-awṣāfihimā» мәтінінің Н.А. Фарис пен Р.П. Элмер жасаған басылымы да маңызды (Faris, Elmer, 1945).

«Kitāb fī Riyādat al-Ḥayl» жылқыны үйрету, күту және ветеринариялық біліммен байланысты мәмлүк-қыпшақ ескерткіштерінің бірі. К. Өзтопчу бұл мәтінге арнайы зерттеу арнап, оны XIV ғасырдағы мәмлүк-қыпшақ ветеринариялық трактаты ретінде сипаттаған (Öztopçu, 1993: 153–170). Кейінгі зерттеулерде атбегілік пен ветеринариялық лексика қыпшақ тілінің ғылыми сөздік қорын танытатын дерек ретінде бағаланады.

«Bayṭarat al-Wāḍiḥ» та жылқының дене бітімі, қасиеті, күтімі, аурулары мен емдеу жолдарына арналған байтаралық мұра. Қолжазбаның қыпшақ және оғыздық белгілері аралас нұсқаларының болуы мәтіннің кең тілдік ортада таралғанын аңғартады. Бұл ескерткішке М.Е. Ағар, К. Өзтопчу, Ж. Ниссман және Ж. Өзгүр еңбектерінде тілдік және текстологиялық тұрғыдан назар аударылған (Özgür, 1988; Özgür, 1994). Қазақстандық зерттеушілер де «Bayṭarat al-Wāḍiḥ»-ты мәмлүк-қыпшақ тіліндегі жылқы шаруашылығы мен ветеринария терминдерін танытатын маңызды мұра ретінде бағалайды (Batyrbekova, Boranbaev, Khalikova, 2024: 45–60).

Қазақстандық зерттеулердегі мәмлүк-қыпшақ мұрасы

Қазақстандық зерттеулерде мәмлүк-қыпшақ мұрасы және жылқы мәдениеті жайында жазған ғалымдар баршылық. Қазақстандық түркітануда мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеу соңғы жылдары деректану, лексикология және қолжазбатану бағыттарында жүйелене түсті. Қ.Қ. Аубакирова мен А.А. Мустафаева мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің лексика-семантикалық табиғатын «Таржуман», «әд-Дурра» және «әл-Қауанин» материалдары негізінде талдап, оларды түркі-араб мәдени-тілдік байланыстарының этнолингвистикалық дереккөзі ретінде бағалайды (Аубакирова, Мустафаева, 2017). Авторлардың кейінгі зерттеуінде XIII–XV ғасырлардағы мәмлүк-қыпшақ қолжазбалары мазмұндық тұрғыдан топтастырылып, олардың ішінде әскери-тактикалық, тілдік және діни-дидактикалық мұралардың орны көрсетілген (Аубакирова, Мустафаева, 2022: 82–94). Бұл жіктеу фурусияға қатысты мәтіндерді мәмлүк-қыпшақ жазба корпусының жалпы жүйесінде қарастыруға мүмкіндік береді.

А.А. Мустафаеваның «Китаб Булғат әл-Муштақ» бойынша еңбектері мәмлүк-қыпшақ тіліндегі араб және түркі лексикалық қабаттардың арақатынасын анықтауға бағытталған. Зерттеуші XIV ғасырлық сөздіктегі лексиканы қазіргі түркі тілдерімен, оның ішінде қазақ тілімен салыстыра қарастырады (Мустафаева, 2022: 15–23; Мустафаева, 2023: 20–27). Бұл әдіс фурусия мәтіндеріндегі *furūsiyya*, *baūṭaḡa* тәрізді арабша ғылыми атаулар мен *at*, *oq*, *yaū*, *qılıç*, *qalqan*, *süngü* тәрізді түркі негізді әскери атаулардың қызметін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан пайымдауға әдістемелік негіз береді.

Б.Д. Дюсенов «Китаб ад-Дурра» арабша-қыпшақша сөздігін зерттеу арқылы мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ лексикасының семантикалық және этнолингвистикалық ерекшеліктеріне назар аударды (Дюсенов, 2015: 94–98; Дюсенов, 2022: 172–183). Бұл еңбектер тікелей фурусия трактаттарына арналмағанымен, мәмлүк-қыпшақ кәсіби лексикасын қазіргі түркі тілдерімен салыстыру және арабша-қыпшақша лексикографиялық дәстүрді бағалау үшін маңызды. Фурусия терминдерін сөздік ескерткіштердегі параллельдермен тексеру әскери атаулардың мағыналық өрісін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді.

Е. Есбосыновтың Әбу Хайян еңбегі негізінде ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін қазіргі қазақ және жалпы түркі тілдерімен салыстыра зерттеуі мәмлүк-қыпшақ тілінің тарихи грамматикасы мен сөздік қорын тануда маңызды орын алады (Есбосынов, 2006). Ал Ө.О. Тұяқбаевтың ортағасырлық қолжазбаларды деректану, мәтінтану және кодикология тұрғысынан қарастырған зерттеулері Қазақстандағы шығыс қолжазбаларын түпнұсқа бойынша зерттеу әдістемесін жетілдіруге үлес қосады (Тұяқбаев, 2015). Фурусия мұраларын зерттегенде де мәтіннің тілдік қабатымен қатар қолжазбаның материалдық құрылымы, көшірілу ортасы, палеографиялық және кодикологиялық белгілері ескерілуі қажет.

Фурусияның тарихи-мәдени негізін кеңірек түсіндіруде А. Тоқтабайдың қазақ және түркі халықтарының жылқы мәдениетіне арналған зерттеулері ерекше маңызды. Оның «Қазақ жылқысының тарихы» монографиясында археологиялық, этнографиялық, жазба, архивтік және фольклорлық деректер негізінде қазақ қоғамындағы жылқының шаруашылық, әскери және мәдени қызметі кешенді қарастырылған (Тоқтабай, 2010). «Түркі халықтарының жылқы мәдениеті» еңбегі бұл мәселені жалпы түркі кеңістігі аясында кеңейтеді (Тоқтабай, 2015). Мәмлүк-қыпшақ фурусия мәтіндеріндегі атбегілік және жылқыға қатысты терминдерді Дешті Қыпшақ пен кейінгі қазақ жылқы мәдениетінің материалдарымен салыстыру тарихи сабақтастық пен аймақтық ерекшеліктерді ажыратуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері

Фурусияның ішкі құрылымын нақты көрсететін деректердің бірі – «Munyat al-Ghuzāt». Мәтіннің кіріспесінде әскери даярлық алты бөлімге жіктеледі: 1) *atqa minmek* – атқа міну; 2) *süngü tutmaq* – сүңгі ұстау; 3) *qılıçqa ta'alluḡa* – қылышқа қатысты амалдар; 4) *qalqan*

tutmaq – қалқан ұстау; 5) oq atmaq – оқ ату; 6) top urmaq – доп ұру (Öztopçu, 1989; Uğurlu, 1987). Бұл жіктеу фурусияның кешенді сипатын айқын көрсетеді.

Бірінші сала – atqa minmek. Ат үстіндегі орнықтылық, атты дұрыс басқару, жылдамдықты өзгерту, бұрылу және қару қолдану кезінде тепе-теңдікті сақтау – қалған әскери машықтардың барлығына негіз. Сондықтан атқа міну жеке дағды емес, фурусия жүйесінің өзегі ретінде көрінеді.

Екінші сала – süngü tutmaq. Сүңгі салт атты әскердің басты соққы қаруларының бірі болды. Мәтіндегі süngü – қазіргі қазақ тіліндегі «сүңгі» сөзімен тұлғалық және мағыналық сабақтастық танытатын түркі атауы. Мұндай мысалдар мәмлүк-қыпшақ лексикасын қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи сөздік қорымен салыстыра зерттеуге мүмкіндік береді. Алайда әрбір сәйкестікті тікелей генетикалық жалғастық деп қабылдамай, фонетикалық, семантикалық және тарихи деректер жиынтығында қарастырған жөн.

Үшінші сала – qılıç қолдану. К. Өзтопчу «Munyat al-Ghuzāt»-тағы қылыш түрлері мен сапасына арналған тарауды арнайы зерттеген (Öztopçu, 1989a: 79–96). Qılıç сөзі түркі тілдеріндегі көне әскери лексиканың тұрақты бірлігі ретінде мәтінде кәсіби әрекет атауларымен бірге қолданылады. Қылыштың материалы, сапасы, сыртқы белгілері және қолданылуы жөніндегі мәліметтер әскери технология тарихы үшін де құнды.

Төртінші сала – qalqan tutmaq. Қалқан шабуыл қаруларымен қатар қолданылатын қорғаныс құралы. Qalqan атауының мәтіндегі орны жауынгерлік техниканың шабуыл мен қорғанысты бірлікте қарастырғанын көрсетеді. Бесінші сала – oq atmaq, яғни садақ ату. Түркі әскери мәдениетінде садақшылықтың орны ерекше болғаны белгілі; мәмлүк әскери жүйесінде де ат үстінен және жерден нысана көздеу кәсіби даярлықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі болды.

Алтыншы сала – top urmaq. Ортағасырлық әскери-спорттық жаттығуларда доппен орындалатын ат үсті ойындары жауынгердің атты басқару қабілетін, көз мөлшерін және қол қимылының дәлдігін жетілдірген. Сондықтан мұндай жаттығуларды қазіргі мағынадағы спорттық ойын деп қана түсіндіру жеткіліксіз. Д. Аялон фурусия ойындарының әскери даярлықпен тікелей сабақтастығын көрсеткен (Ayalon, 1961: 31–62).

Садақшылық фурусия кешенінде дербес ғылым мен машық ретінде дамыды. «Kitāb fī ‘Ilm al-Nuṣṣāb» атауындағы nuṣṣāb термині жебе/садақшылық саласына қатысты арабша кәсіби атаулар жүйесімен байланысты. Бірақ мәтіннің негізгі тілдік қабаты мәмлүк-қыпшақша болғандықтан, арабша ғылыми терминдер мен түркіше күнделікті-әскери атаулар қатар өмір сүреді. Бұл құбылыс ортағасырлық түркі ғылыми тілінің қалыптасу тетіктерін көрсетуімен маңызды.

Садақшылық мәтінінде құрал атаулары, әрекет етістіктері және жауынгердің қимылын білдіретін сөздер терминологиялық жүйе құрайды. Оқ «оқ/жебе», уау «садақ», ат- «ату» тәрізді түркі негізді бірліктер әскери тәжірибенің төл лексикасын танытса, араб тілінен енген атаулар теориялық жіктеу, құрал бөлшектері немесе арнайы ұғымдарды беруі мүмкін. Осы аралас жүйе мәмлүк-қыпшақ жазба тілінің тек тұрмыстық қатынас тілі емес, арнайы білімді жеткізе алған функционалды тіл болғанын дәлелдейді.

Салыстырмалы тұрғыдан араб садақшылық әдебиетінде садақтың қасиеті, жебе, ату қалпы, нысана және жаттығу әдістері кең қарастырылған (Faris, Elmer, 1945). Қыпшақша трактат осы білімді түркі тілді әскери ортаға бейімдейді. Мұнда аудармашының міндеті арабша атауды сөзбе-сөз көшіру емес, оны жауынгер түсінетін қыпшақша баламамен беру болған. Сондықтан ескерткіштің лексикасын зерттеу терминжасамның тарихи үлгілерін анықтауға жол ашады.

Фурусияның маңызды бөлігі – жауынгерлік атты таңдау, күту, үйрету және оның денсаулығын сақтау. Әскери атты әскердің тиімділігі тек жауынгердің шеберлігіне емес, жылқының төзімділігіне, қозғалысына және жаракатқа төзімділігіне тәуелді болды. Сол

себепті араб-мұсылман дәстүрінде *baytara* – ветеринариялық білім және *siyāsāt al-khayl* – жылқыны басқару, баптау салалары фурусиямен тығыз байланыста дамыды.

«*Kitāb fī Riyādat al-Ḥayl*» және «*Baytarat al-Wādīh*» мәтіндері осы практикалық білімнің қыпшақ тіліндегі көрінісін береді. Онда жылқының дене мүшелері, түсі, мінез-құлқы, жарамды-жарамсыз белгілері, аурулары және емдеу тәсілдеріне қатысты сөздік қор сақталған (Batyrbekova, Boranbaev, Khalikova, 2024: 45–60; Öztorçu, 1993: 153–170; Özgür, 1988). Мұндай лексика этнолингвистика үшін де маңызды, өйткені жылқыға қатысты атаулар көшпелі қоғамның шаруашылық тәжірибесі мен әскери мәдениетінің тоғысқан тұсын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі атбегілік лексикамен салыстыру барысында ат, тай, құлын, жал, құйрық, тұяқ, тізгін, ер, жүген, қамшы, сүңгі, қылыш, қалқан, оқ, садақ тәрізді негізгі ұғымдардың тарихи қабатын кешенді тексеруге болады. Дегенмен мәмлүк-қыпшақ мәтініндегі нақты графикалық нұсқа мен мағынаны қолжазба және ғылыми басылым бойынша жеке-жеке салыстыру қажет. Осы себепті қазіргі қазақша баламаны автоматты түрде ортағасырлық формаға теңестіру ғылыми әдіс тұрғысынан сақтықты талап етеді.

Атбегілік трактаттардың тағы бір құндылығы – түркі және араб ғылыми дәстүрінің бір мәтінде тоғысуы. Жылқыға қатысты практикалық атаулардың едәуір бөлігі түркіше берілуі мүмкін болса, ауру, ем, дәрілік зат, анатомия және теориялық жіктеуге қатысты терминдер арабша-парсыша қабатпен ұштасады. Бұл жағдай мәмлүк-қыпшақ тілінің көптілді ғылыми ортада қалыптасқанын көрсетеді.

Мәмлүк-қыпшақ фурусия мәтіндерінің терминологиясын шартты түрде бірнеше семантикалық топқа бөлуге болады: 1) жылқы және оның дене мүшелері; 2) ат әбзелдері; 3) жауынгер мен шабандоздың әрекеттері; 4) шабуыл қарулары; 5) қорғаныс жарақтары; 6) садақшылық құралдары мен техникасы; 7) әскери жаттығу мен ойын; 8) ветеринария және емдеу. Мұндай жіктеу сөздерді жеке қарастырудан гөрі олардың кәсіби ұғымдар жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Ең айқын ерекшелік – түркі түбірлі атаулар мен арабша ғылыми лексиканың қатар қолданылуы. *At*, *oq*, *yaу*, *qılıç*, *qalqan*, *süngü* сияқты әскери-тұрмыстық атаулар тәжірибелік ортаға жақын болса, *fürüsiyya*, *baytara*, *ilm*, *amal* тәрізді арабша бірліктер білімді жіктейтін метатіл қызметін атқарады. Бұл – мәмлүк-қыпшақ жазба мәдениетінің екі тілдік-мәдени жүйені бір мәтін кеңістігінде ұштастырғанының көрінісі.

Терминологиялық трансфер бірнеше жолмен жүрген: араб атауын өзгеріссіз немесе фонетикалық бейімдеумен қабылдау; түркіше балама беру; араб және түркі атауларын қатар қолдану; күрделі ұғымды түсіндірме тіркес арқылы жеткізу. Осындай тәсілдер кейінгі түркі жазба тілдеріндегі ғылыми лексиканың дамуына ортақ тарихи тәжірибе ретінде қарастырылуы мүмкін.

Мәмлүк-қыпшақ мәтіндерінің құндылығы олардың әскери білімді қыпшақ тілінде жүйелі түрде жеткізуінде. Бұл – қыпшақ тілінің ортағасырлық Мысыр мен Сирияда ауызекі әскери коммуникация шеңберінен шығып, кәсіби нұсқаулықтар мен арнайы трактаттардың тіліне айналғанын көрсететін маңызды айғақ. Сондықтан фурусия ескерткіштері тек филологиялық емес, өркениеттік дерек ретінде де зерттелуге тиіс.

Фурусия мұрасының түркі әскери мәдениеті тарихында алатын орыны өте маңызды. Мәмлүк сұлтандығындағы фурусияны тек араб-мұсылман әскери дәстүрінің жалғасы немесе тек Дешті Қыпшақ көшпелілерінің мұрасы деп біржақты түсіндіру дұрыс емес. Оның тарихи табиғаты синтездік сипатта болды. Бір жағынан, Таяу Шығыста Аббас әулеті дәуірінен қалыптасқан фурусия, байтара, қару-жарақ және әскери айла жөніндегі жазба дәстүр бар еді; екінші жағынан, мәмлүк әскеріне келген түркі жауынгерлері даладағы салт аттылық, садақшылық және атты соғыс тәжірибесін алып келді (al-Sarraf, 2004: 141–200).

Осы екі арнаның түйісуі Мәмлүк дәуірінде әскери білімнің ерекше ортасын қалыптастырды. Арабша трактаттарда білім теориялық тұрғыдан кодификацияланса, мәмлүк-қыпшақ мәтіндері сол білімнің түркі тілді әскери қауымға бейімделген нұсқасын көрсетеді.

«Munyat al-Ghuzāt»-тағы алты саланың өзі – атқа мінуден бастап сүңгі, қылыш, қалқан, садақ және ат үсті жаттығуларына дейін – салт атты жауынгердің тұтас кәсіби моделін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Бұл мұраларды қазіргі Қазақстан тарихы мен мәдениеті тұрғысынан зерттеудің де маңызы зор. Мәмлүк-қыпшақ тілінің лексикасы қазіргі қазақ тіліне тікелей теңестірілмеуге тиіс болғанымен, қыпшақ тілдерінің тарихи сабақтастығын анықтайтын салыстырмалы материал береді. Әсіресе жылқы, ат әбзелдері, қару-жарақ және қимыл атауларының тарихи семантикасын зерттеу қазақтың дәстүрлі атбегілік мәдениетінің терминологиялық қабаттарын тереңірек түсіндіруге көмектеседі.

Болашақ зерттеулерде қолжазбалардың цифрлық көшірмелерін салыстырып, араб графикасындағы әрбір терминнің контекстік қолданысын дерекқорға түсіру тиімді. Термин – транслитерация – қазақша балама – арабша параллель – қолжазба шифры – парақ нөмірі форматындағы электрондық корпус жасалса, мәмлүк-қыпшақ әскери лексикасын тарихи және салыстырмалы тұрғыдан жүйелі зерттеуге мүмкіндік туар еді.

Зерттеу нәтижесінде фурусия мәтіндерінің терминологиялық қорын сегіз семантикалық топқа жүйелеу ұсынылады: жылқы және оның дене мүшелері; ат әбзелдері; шабандоз бен жауынгер әрекеттері; шабуыл қарулары; қорғаныс жарақтары; садақшылық құралдары мен техникасы; әскери жаттығу мен ойын; ветеринария және емдеу. Бұл жіктеу жеке сөздердің этимологиясын ғана емес, олардың кәсіби білім жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Түркі түбірлі at, oq, yau, qılıç, qalqan, süngü тәрізді бірліктер практикалық әскери ортаға жақын болса, furūsiyya, baytara, ‘ilm, ‘amal секілді арабша атаулар білімді жіктейтін метатіл қызметін атқарады. Осы арақатынас мәмлүк-қыпшақ мәтіндерінің механикалық аударма емес, әскери білімді түркі тілді ортаға бейімдеу нәтижесі болғанын көрсетеді.

Практикалық нәтиже ретінде мәмлүк-қыпшақ әскери-атбегілік терминдерінің электрондық корпусын жасауға негіз болатын үлгі ұсынылады. Әрбір термин үшін қолжазбадағы графикалық нұсқа, ғылыми транслитерация, контекстік мағына, қазіргі қазақша балама, арабша параллель, дереккөз атауы, қолжазба шифры және парақ нөмірі тіркелуі тиіс. Мұндай корпус қыпшақ тілінің тарихи лексикологиясын зерттеумен қатар, жылқы мәдениеті, қару-жарақ, әскери тарих және аударматану бағыттарын тоғыстырады. Әсіресе сөздік ескерткіштердегі баламаларды практикалық фурусия трактаттарындағы қолданыспен салыстыру терминнің мағыналық өрісін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді (Дюсенов, 2022: 172–183; Мустафаева, 2023: 20–27).

Мәмлүк-қыпшақ фурусия мұраларының деректік ерекшелігі олардың теориялық қағиданы күнделікті әскери тәжірибемен ұштастыруынан көрінеді. Сөздік және грамматикалық ескерткіштер қыпшақ тілінің құрылымы мен сөздік қорын түсіндіруге бағытталса, әскери трактаттар сол лексиканың нақты әрекет үстіндегі қызметін көрсетеді. Мысалы, қару атауы жеке лексема ретінде ғана емес, оны ұстау, бағыттау, соққы жасау, қорғану немесе ат үстінде қолдану әрекеттерімен бірге беріледі. Осы ерекшелік терминнің семантикасын мәтін ішіндегі функциясы арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан фурусия трактаттарын арабша-қыпшақша сөздіктермен қатар зерттеу екі дерек түрінің мүмкіндігін өзара толықтырады. Қазақстандық зерттеулерде мәмлүк-қыпшақ лексикасының сөздік және қолжазбалық негізі біршама жүйеленгендіктен, келесі кезеңде әскери-атбегілік мәтіндерді сол корпуспен тікелей салыстыру өзекті (Аубакирова, Мустафаева, 2017; Дюсенов, 2022: 172–183).

Сонымен бірге фурусия терминдерін қазақтың дәстүрлі жылқы мәдениетімен салыстыруда хронологиялық және аймақтық айырмашылықтарды сақтау қажет. XIII–XV ғасырлардағы Мысыр-Сирия әскери ортасында қолданылған қыпшақша атаулар мен XIX–XX ғасырларда этнографиялық деректерде тіркелген қазақ атаулары арасында бірнеше ғасырлық уақыт және өзгеше әлеуметтік орта бар. Сондықтан ұқсас тұлғадағы сөздерді бірден бір мағыналы тарихи жалғастық ретінде тану орнына, олардың дыбыстық сәйкестігін, мағыналық

тұрақтылығын, мәтіндік қолданысын және өзге қыпшақ тілдеріндегі параллельдерін тексеру керек. А. Тоқтабай жинақтаған жылқының сыны, күтімі, ат әбзелдері мен дәстүрлі атбегілік тәжірибеге қатысты материалдар осы салыстыру үшін кең этнографиялық база береді (Тоқтабай, 2010; Тоқтабай, 2015). Мұндай салыстыру фурусия мұрасын қазіргі ұлттық мәдениетке механикалық телімей, тарихи сабақтастықтың нақты тілдік және мәдени белгілерін ажыратуға жағдай жасайды.

Қорытынды

Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері ортағасырлық түркі салтаттылық өнерін зерттеудегі аса маңызды дереккөздер қатарына жатады. Олар фурусияның тек атқа міну шеберлігі емес, жылқыны таңдау мен баптаудан бастап салт атты жауынгердің қару қолдануы, садақ атуы, қорғануы және әскери-спорттық жаттығуларына дейінгі кешенді кәсіби жүйе болғанын көрсетеді.

«Munyat al-Ghuzāt» фурусияның практикалық құрылымын атқа міну, сүңгі ұстау, қылыш қолдану, қалқан ұстау, оқ ату және доп ұру секілді алты сала арқылы танытады. «Kitāb fī 'Ilm al-Nuṣṣāb» садақшылық білімді, ал «Kitāb fī Riyādat al-Ḥayl» мен «Bayṭarat al-Wāḍih» жылқыны күту, үйрету және емдеу тәжірибесін толықтырады. Осы мәтіндер жиынтығы фурусияны әскери өнер, атбегілік және ветеринариялық білімнің біртұтас кешені ретінде қарастыруға негіз береді.

Терминологиялық талдау түркі түбірлі әскери атаулардың арабша ғылыми ұғымдармен қатар қолданылғанын көрсетеді. Бұл құбылыс Дешті Қыпшақтан келген әскери тәжірибе мен Мысыр-Сириядағы араб-мұсылмандық жазба ғылымның өзара ықпалдасуын айғақтайды. Сондықтан мәмлүк-қыпшақ фурусия мұрасы түркі халықтарының әскери мәдениеті тарихын ғана емес, ортағасырлық білім трансферін, кәсіби тілдің қалыптасуын және қыпшақ лексикасының тарихи дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін пәнаралық дереккөз болып табылады.

Әдебиеттер:

al-Sarraf, 2004 – *al-Sarraf Sh. Mamluk Furūsiyah Literature and Its Antecedents* // *Mamlūk Studies Review*. 2004. Vol. 8. No. 1. P. 141–200.

al-Aqsarā'ī, 1371 – *al-Aqsarā'ī M. ibn 'Isā. Nihāyat al-su'l wa-l-umniyya fī ta'allum a'māl al-furūsiyya*. British Library, Add MS 18866. 292 fols. Copy dated 1371.

Ayalon, 1975 – *Ayalon D. Preliminary Remarks on the Mamlūk Military Institution in Islam* // *War, Technology and Society in the Middle East*. London: Oxford University Press, 1975. P. 44–58.

Ayalon, 1961 – *Ayalon D. Notes on the Furūsiyya Exercises and Games in the Mamluk Sultanate* // *Scripta Hierosolymitana*. 1961. Vol. 9. P. 31–62.

Ayalon, 1953 – *Ayalon D. Studies on the Structure of the Mamluk Army – I* // *Bulletin of the School of Oriental and African Studies*. 1953. Vol. 15. No. 2. P. 203–228.

Аубакирова, Мустафаева, 2022 – *Аубакирова Қ.Қ., Мустафаева А.А.* Мәмлүк-қыпшақ тілінде діни мазмұнда жазылған ортағасырлық жазба ескерткіштердің (XIII–XV ғ.) зерттелу мәселелері // *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*. 2022. № 3 (140). Б. 82–94. DOI: 10.32523/2616-678X-2022-140-3-82-94.

Аубакирова, Мустафаева, 2017 – *Аубакирова Қ.Қ., Мустафаева А.А.* Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің лексика-семантикалық ерекшеліктері // *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы*. 2017. № 1 (80).

Batyrbekova, Boranbaev, Khalikova, 2024 – *Batyrbekova K.A., Boranbaev S.R., Khalikova N.S. Written monuments written in the Mamluk Kipchak language and the importance of the Baitaratu'l-Wazih manuscripts* // *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*. 2024. Vol. 149. No. 4. P. 45–60.

Дюсенов, 2022 – Дюсенов Б.Д. Мәмлүктер кезеңіндегі «Китаб ад-Дурра...» жазба ескерткішінің зерттелуі // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. 2022. № 4 (141). Б. 172–183.

Дюсенов, 2015 – Дюсенов Б.Д. «Китаб ад-Дурра...» сөздігіндегі адамға қатысты сөздердің этнолингвистикалық сипаты // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы. 2015. № 1 (299). Б. 94–98.

Есбосынов, 2006 – Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Абу Хайиан еңбегі бойынша, XIV ғ.). Алматы: Ер-Дәулет, 2006. 240 б.

Smith, 1979 – Smith G.R. Medieval Muslim Horsemanship: A Fourteenth-Century Arabic Cavalry Manual. London: The British Library, 1979. 36 p.

Tantum, 1979 – Tantum G. Muslim Warfare: A Study of a Medieval Muslim Treatise on the Art of War // Islamic Arms and Armour. London: Scholar Press, 1979. P. 187–201.

Тоқтабай, 2015 – Тоқтабай А. Түркі халықтарының жылқы мәдениеті. Астана, 2015. 380 б.

Тоқтабай, 2010 – Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2010. 496 б.

Тұяқбаев, 2015 – Тұяқбаев Ө.О. «Хадиқат әл-‘Арифин» ортағасырлық жазба ескерткішіндегі агрографтар көрінісі: докторлық диссертация. Стамбұл университеті, 2015.

Faris, Elmer, 1945 – Faris N.A., Elmer R.P. Arab Archery. Princeton: Princeton University Press, 1945. 182 p.

Мустафаева, 2023 – Мустафаева А.А. Араб және мәмлүк-қыпшақ сөздерінің сөзжасам үлгілерінің ерекшеліктері («Китаб Бұлғат әл-Мұштак» мысалында) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2023. № 1 (104). Б. 20–27. DOI: 10.26577/JOS.2023.v104.i1.03.

Мустафаева, 2022 – Мустафаева А.А. «Китаб Бұлғат әл-Мұштак» жазба ескерткішіндегі араб және түркі лексикалық қабат // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2022. № 2 (101). Б. 15–23. DOI: 10.26577/JOS.2022.v101.i2.02.

Öztopçu, 2002 – Öztopçu K. Kitāb fi ‘Ilm an-Nuššāb: A 14th-Century Archery Treatise in Mamluk-Kipchak. İstanbul, 2002. 367 p.

Öztopçu, 1993 – Öztopçu K. A Fourteenth-Century Mamluk Kipchak Treatise on Veterinary Sciences: Kitāb fi Riyāzati’l-Ḥayl // Journal of Turkish Studies. 1993. Vol. 17. P. 153–170.

Öztopçu, 1989a – Öztopçu K. A Mamluk-Kipchak Account on the Types and Qualities of Swords // Ural-Altaische Jahrbücher. 1989. Bd. 61. S. 79–96.

Öztopçu, 1989 – Öztopçu K. Münyetü’l-Ğuzāt: 14. Yüzyıla âit Memluk-Kıpçakçasıyla Yazılmış Askerî Bir Risâle. Cambridge, MA: Harvard University, 1989. 223 p.

Özgür, 1994 – Özgür C. Baytaratü’l-Vazih’in Kıpçak ve Türkmençe Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oğuzcalaşması Üzerine Bir Dil Araştırması: Doktora Tezi. İstanbul Üniversitesi, 1994.

Özgür, 1988 – Özgür C. Baytaratü’l-Vâzih (Metin-İndeks): Yüksek Lisans Tezi. İstanbul Üniversitesi, 1988.

References:

Aqsarā’ī, 1371 – al-Aqsarā’ī M. ibn ‘Īsā. Nihāyat al-su’l wa-l-umniyya fī ta’allum a’ māl al-furūsiyya [The Ultimate Goal and Aspiration in Learning the Arts of Horsemanship]. British Library, Add MS 18866. 292 fols. Copy dated 1371.

Ayalon, 1953 – Ayalon D. Studies on the Structure of the Mamluk Army – I // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. 1953. Vol. 15. No. 2. P. 203–228.

Ayalon, 1961 – Ayalon D. Notes on the Furūsiyya Exercises and Games in the Mamluk Sultanate // Scripta Hierosolymitana. 1961. Vol. 9. P. 31–62.

Ayalon, 1975 – Ayalon D. Preliminary Remarks on the Mamluk Military Institution in Islam // *War, Technology and Society in the Middle East*. London: Oxford University Press, 1975. P. 44–58.

Aubakirova K.K., Mustafaeva A.A. Mamluk-kypchak tilindegi eskertkishterdin leksika-semantikalık erekshelikleri [Lexical and Semantic Features of Monuments in the Mamluk-Kipchak Language] // *Al-Farabi atyndagy KazUU Khabarshysy. Shygystanu seriiasy*. 2017. No. 1 (80). [in Kaz].

Aubakirova K.K., Mustafaeva A.A. Mamluk-kypchak tilinde dini mazmunda zhazylgan ortagasyrlyk zhazba eskertkishterdin (XIII–XV g.) zerttelu maseleleri [Issues in the Study of Medieval Written Monuments of Religious Content in the Mamluk-Kipchak Language (13th–15th Centuries)] // *L.N. Gumilev atyndagy EUU Khabarshysy. Filologiya seriiasy*. 2022. No. 3 (140). P. 82–94. [in Kaz].

Batyrbekova, Boranbaev, Khalikova, 2024 – Batyrbekova K.A., Boranbaev S.R., Khalikova N.S. Written monuments in the Mamluk-Kipchak language and the significance of the *Baitaratu'l-Wazih* manuscripts // *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*. 2024. Vol. 149. No. 4. P. 45–60. [in Kaz]

Diussenov, 2015 – Diussenov B.D. «Kitab ad-Durra...» sozdigindegi adamga katysty sozderdin etnolingvistikalık sipaty [The Ethnolinguistic Characteristics of Words Referring to Humans in the Dictionary “Kitab ad-Durra...”] // *KR UGA Khabarlary*. 2015. No. 1 (299). P. 94–98. [in Kaz].

Diussenov, 2022 – Diussenov B.D. Mamlukter kezenindegi «Kitab ad-Durra...» zhazba eskertkishinin zerttelui [The Study of the Written Monument “Kitab ad-Durra...” from the Mamluk Period] // *L.N. Gumilev atyndagy EUU Khabarshysy*. 2022. No. 4 (141). P. 172–183. [in Kaz].

Esbosynov, 2006 – Esbosynov E. Eski kypchak tilinin leksika-grammatikalık erekshelikleri [Lexical and Grammatical Features of the Old Kipchak Language] Almaty: Er-Daulet, 2006. 240 p. [in Kaz].

Faris, Elmer, 1945 – Faris N.A., Elmer R.P. *Arab Archery*. Princeton: Princeton University Press, 1945. 182 p.

Mustafaeva, 2022 – Mustafaeva A.A. «Kitab Bulgat al-Mushtak» zhazba eskertkishindegi arab zhane turki leksikalık kabat [Arabic and Turkic Lexical Layers in the Written Monument “Kitab Bulgat al-Mushtak”] // *Al-Farabi atyndagy KazUU Khabarshysy*. 2022. No. 2 (101). P. 15–23. [in Kaz].

Mustafaeva, 2023 – Mustafaeva A.A. Arab zhane mamluk-kypchak sozderinin sozzhasam ulgilerinin erekshelikleri [Features of Word-Formation Patterns in Arabic and Mamluk-Kipchak Words] // *Al-Farabi atyndagy KazUU Khabarshysy*. 2023. No. 1 (104). P. 20–27. [in Kaz].

Özgür, 1988 – Özgür C. *Baytaratü'l-Vâzih (Text–Index)* [Baytaratü'l-Vâzih (Text–Index)]: Master's Thesis. Istanbul University, 1988. [in Tur]

Özgür, 1994 – Özgür C. *A Linguistic Study on the Oghuzization of Kipchak Based on the Kipchak and Turkmen Manuscripts of Baytaratü'l-Vâzih*: Doctoral Dissertation. Istanbul University, 1994. [in Tur]

Öztopçu, 1989 – Öztopçu K. *Münyetü'l-Güzât: A Military Treatise Written in 14th-Century Mamluk-Kipchak*. Cambridge, MA: Harvard University, 1989. 223 p.

Öztopçu, 1989a – Öztopçu K. A Mamluk-Kipchak Account on the Types and Qualities of Swords // *Ural-Altaische Jahrbücher*. 1989. Vol. 61. P. 79–96.

Öztopçu, 1993 – Öztopçu K. A Fourteenth-Century Mamluk Kipchak Treatise on Veterinary Sciences: *Kitāb fī Riyāzati'l-Ḥayl* // *Journal of Turkish Studies*. 1993. Vol. 17. P. 153–170. [in Eng.]

Öztopçu, 2002 – Öztopçu K. *Kitāb fī 'Ilm an-Nuṣṣāb: A 14th-Century Archery Treatise in Mamluk-Kipchak*. İstanbul, 2002. 367 p.

Smith, 1979 – Smith G.R. *Medieval Muslim Horsemanship: A Fourteenth-Century Arabic Cavalry Manual*. London: The British Library, 1979. 36 p.

Tantum, 1979 – Tantum G. *Muslim Warfare: A Study of a Medieval Muslim Treatise on the Art of War* // *Islamic Arms and Armour*. London: Scolar Press, 1979. P. 187–201.

Toqtabai, 2010 – *Toqtabai A. Kazak zhylyksynyn tarikhy* [History of the Kazakh Horse]. Almaty: Almatykitap, 2010. 496 p. [in Kaz].

Toqtabai, 2015 – *Toqtabai A. Turki khalyktarynyn zhyly madenieti* [Horse Culture of the Turkic Peoples]. Astana, 2015. 380 p. [in Kaz].

Tuiakbaev, 2015 – *Tuiakbaev O.O. «Hadikat al-‘Arifin» ortagasyrlyk zhazba eskertkishindegi agrograftar korinisi*: [Representation of Agrographs in the Medieval Written Monument “Hadikat al-‘Arifin”]: doctoral dissertation . Istanbul University, 2015. [in Kaz].

¹ Дюсенов Б.Д., ² Абиденкызы А.

^{1, 2} *Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова Алматы, Казахстан*

E-mail: bagdat75@inbox.ru

ФУРУСИЙЯ В МАМЛЮКСКО-КЫПЧАКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ: ВОЕННО-КОННАЯ ТРАДИЦИЯ И ТЕРМИНОЛОГИЯ

Аннотация. Цель статьи – комплексно проанализировать отражение традиции фурусийи в мамлюкско-кыпчакских письменных памятниках XIII–XV вв. и определить структуру военно-конного знания и его терминологическую систему. Научная новизна состоит в рассмотрении «Munyat al-Ghuzāt», «Kitāb fī ‘Ilm al-Nuṣṣāb», «Kitāb fī Riyāḍat al-Ḥayl» и «Bayṭarat al-Wāḍiḥ» как взаимосвязанных источников единого комплекса фурусийи, а также в сопоставлении тюркской военно-практической лексики с арабской научной терминологией. В задачи исследования входят уточнение средневекового содержания понятия furūsiyya, систематизация основных источников, определение направлений военной подготовки и семантических групп терминов, оценка возможностей сопоставления мамлюкско-кыпчакской лексики с традиционной казахской коневодческой и военной терминологией. Применены источниковедческий, историко-сравнительный, лексико-семантический, контекстуальный и текстологический методы. Установлено, что фурусийя представляла собой не только искусство верховой езды, но комплексную систему подготовки конного воина, включавшую владение копьем, мечом, щитом, стрельбу из лука, военно-спортивные упражнения, уход за лошадью и ветеринарные знания. Шесть направлений, выделенных в «Munyat al-Ghuzāt», демонстрируют практическую структуру этой системы. Сочетание тюркских и арабских терминов свидетельствует о взаимодействии степной военной практики Дешт-и Кыпчака с арабо-мусульманской письменной традицией. Практическая значимость работы связана с перспективой создания исторического корпуса военно-конной терминологии и сравнительного изучения кыпчакского и казахского лексического наследия.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP26101473 «Тюркская культура коневодства в мамлюкско-кыпчакских письменных памятниках (на примере "Байтар-наме")».

Ключевые слова: мамлюкско-кыпчакский язык, фурусийя, искусство верховой езды, коневодство, военное искусство, стрельба из лука, байтара, терминология, письменные памятники.

¹ Dyussenov B.D., ² Abidenkyzy A.

^{1, 2} R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

E-mail: bagdat75@inbox.ru

FURŪSIYYA IN MAMLUK-KIPCHAK WRITTEN MONUMENTS: MILITARY-EQUESTRIAN TRADITION AND TERMINOLOGY

Abstract. The purpose of this article is to provide a comprehensive analysis of the furūsiyya tradition as reflected in Mamluk-Kipchak written monuments of the thirteenth to fifteenth centuries and to identify the structure and terminology of military-equestrian knowledge. The novelty of the study lies in treating Munyat al-Ghuzāt, Kitāb fi 'Ilm al-Nuṣṣāb, Kitāb fi Riyāḍat al-Ḥayl, and Baytarat al-Wāḍiḥ as interrelated sources of a single furūsiyya complex and in comparing Turkic practical military vocabulary with Arabic scholarly terminology. The research tasks include clarifying the medieval meaning of furūsiyya, systematizing the principal sources, identifying fields of warrior training and semantic groups of terms, and assessing possibilities for comparison with the historical equestrian and military vocabulary of Kazakh. Source-critical, historical-comparative, lexical-semantic, contextual, and textual methods are applied. The analysis demonstrates that furūsiyya was not limited to horsemanship but formed a comprehensive system of mounted-warrior training that included lance and sword techniques, shield handling, archery, military exercises, horse management, and veterinary knowledge. The six fields presented in Munyat al-Ghuzāt reveal the practical organization of this system. The coexistence of Turkic and Arabic terminology reflects interaction between the steppe military experience of Dasht-i Kipchak and the Arabic-Islamic written scholarly tradition. The practical significance lies in providing a basis for a historical digital corpus of military-equestrian terminology and further comparative research on Kipchak and Kazakh lexical heritage.

Acknowledgements: This article was prepared within the framework of the grant-funded project AR26101473, “Turkic horse breeding culture in Mamluk-Kipchak written monuments (on the example of “Baytar-name”)” supported by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Mamluk-Kipchak, furūsiyya, horsemanship, equestrian culture, military art, archery, veterinary science, terminology, written monuments.

Авторлар туралы мәлімет:

Дюсенов Бағдат Даниярұлы – PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, Алматы, Қазақстан

Әбиденқызы Айнұр – PhD, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Дюсенов Багдат Даниярович – PhD, Заместитель генерального директора по науке Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Абиденкызы Айнур – PhD, ведущий научный сотрудник Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Bagdat D. Dyussenov – PhD, Deputy Director General for Research, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Abidenkyzy Ainur – PhD, Leading Researcher, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

Келін түсті 25 мамыр 2026 жыл
Қабылданды 21 шілде 2026 жыл